

Орындаған: Калбаева Гульнара

Қабылдаған: Тебегенова Алтынарай

ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ

**Жұмабай
Шаштайұлы (10.10
.1950 жылы
туылған, Жамбыл
ауданы, Жамбыл ау
ылы) - жазушы,
Қазақстан
Жазушылар
одағының мүшесі.**



"Коммунизм жолы" газетінде,
1980-87 жылдары республика
"Лениншіл жас", "Социалистік
Қазақстан" газеттерінде,
1987-90 жылдары "Жалын"
журналында жұмыс істеді.
1990-92 жылдары "Қазақ тілі"
қоғамы Алматы облыстық
комитеті төрағасының
орынбасары, 1992-96
жылдары "Жас Алаш", "Қазақ
әдебиеті" газеттерінде бөлім
меңгерушісі.

1996-2002 жылдары
халықаралық "Заман-Қазақстан"
газетінің бас редакторы болды.
2002 жылдан Қазақ радиосының
бас редакторы қызметін атқарды.
2007 жылдан бастап "Қазақ
әдебиеті" газетінде бас редактор.

ЖЕТІСТІКТЕРІ

- Халықарарық Жамбыл атындағы сыйлығының лауреаты (1996).
- ҚР Президентінің стипендиаты (2000).^[2]
- ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (2012 жыл 16 желтоқсан)
- Халықаралық "Алаш" сыйлығының лауреаты (2012)

ШЫҒАРМАЛАРЫ

- 1982 ж. "Таң нұры"
- 1984 жылы шыққан "Қызын кар" атты тұңғыш жинағы сол кездегі саяси басшылық тарапынан қатал сынға ілікті
- "Жала мен нала" (1987)
- "Жыр жолбарыс" (1996)
- "Біздің заманның Аяз биі" (1997)
- "Жаңғырық" романы (2004)
- Таңдамалы 2 томдық жинағы (2010)
- "Аяз би" романы (2013)

САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ “ЕСБАЙ ТІГІ”

- ▣ **Авторы:** Жұматай Шаштайұлы
- ▣ **Тақырып:** Қазіргі таңда әр бір отбасында болатын дау-дамай жайы.
- ▣ **Жанры:** Әңгіме
- ▣ **Идеясы:** Үлкендерді сыйлау жас кезден бастау алу керектігін насихаттау.
- ▣ **Шығарманың композициялық құрылысы**

- **Әңгіменің басталуы:** Есбай ақсақалдың өмірге көзқарасынан
- **Әгіменің байланысы:** Мыртықбайдың киіз үйге келуі
- **Әңгіменің шиеленісуі:** Баласы Жасыбектің тілін алмауы
- **Әңгіменің шарықтау шегі:** Сана мен анасының Есбайға айтқан ренжіші
- **Әңгіменің шешімі:** Есбайдың өлімі

- **Шығарма кейіпкерлері**
- **Жағымды кейіпкерлер:** Есбай, Мыртықбай
- **Жағымсыз кейіпкерлер:** Сана, Жасыбек, Тойшыбай
- **Әдеби теориялық ұғымдар**
- **Теңеу:** көк шыбықтай, жұдырықтай
- **Дисфемизм:** сорлы, албасты, оңбаған
- **Фразеологизм:** қас пен көздің арасы